

**«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК
(бұдан әрі- Кәсіпорын) 2025 жылдың III тоқсанына атқарылған
жұмыстар және алға қарай жасалатын «Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау» мақсатында
қызметкерлермен өткізген жиналыстың
ТҮСІНДІРМЕ ХАТТАМАСЫ**

Атырау қалысы

30 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК (бұдан әрі- Кәсіпорын).

Өткізілген уақыты: 30.09.2025 жыл, жергілікті 10:00-да.

Жиналысты жүргізген - Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының комплаенс офицер – А.Уразимбетова.

Қатысқандар: Заңгер-кеңесші – Д.Абдрахманова, персоналды басқару қызмет басшысы м.а. – С.Казиханова, және Кәсіпорынның ішкі талдау жұмысы тобының мүшелері, мед қызметкерлер -24 адам;

Күн тәртібінде

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама
талаптарын сақтау» мақсатында «Атырау облыстық
фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі- Кәсіпорын)
2025 жылдың III тоқсанына атқарылған іс-шаралардың орындалысы
және алға қарай жасалатын жұмыстар туралы**
(комплаенс офицер Уразимбетова А.К.)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес, Кәсіпорында 3-ші тоқсан қорытындысымен «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын –алу шаралары туралы».

Кәсіпорын басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобын құру туралы» 19 маусымдағы № 134 н/қ бұйрығына сәйкес, 01.07.-31.07.2025 жыл аралығында Атырау облысы фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі-Кәсіпорын)-ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау кезеңі 05.01.2025-30.06.2025 ж Талдау қорытындысымен талдамалық анықтама жасақталып, анықталған заң бұзушылықтарға сәйкес, орын алған бұзушылықтарды жою туралы іс-шаралар жоспары жасақталды. Орындалысы қадағаланып, бірқатар жұмыстар атқарылды.

Бұдан басқа, Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК (бұдан әрі –Кәсіпорын) 2024-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын алу туралы іс – шараларды орындау мақсатында 3 семинар, 2 дөңгелек үстел өткізілді.

Талдау кезінде жеке және заңды тұлғалардан түскен барлығы – 12 жолданым тіркелгені анықталды. Олардың екеуі – арыз ретінде қабылдаған. Өтініш тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оны қарап шығуды және тыңдау жүргізу қажет пе (АППК-нің 73-бабы), қолайлы немесе ауыртпалық туралы шешім қабылданды. Басқа арыз-шағым тіркелген жоқ.

Заңгер кеңесші Д.Адрахманова сөз алып, заң талаптарының орындалысы бойынша « Сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесетін іс – шаралар қабылдап отыру», азаматтардан түскен өтініштерді мерзімінде тіркеп, өтініштерге заңға сәйкес жауап беруді назарда ұстау; Осылайша, тоқсандарда бұйрықпен белгіленген кестеге сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» кәсіпорын қызметінде ішкі талдау жүргізу, және анықталған бұзушылықтарды жою шараларын алуды ұсынды.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын –алуда қызметкерлерге семинар өткізуді және ғимарат ішінде халық көп жиналатын орындарда сыбайластың тәуекелдеріне тап болған кезде кімге, қайда хабарласу қажеттігі туралы баннер 5 қабатты ғимараттың 1-ші қатардан яғни науқастарды қабылдайтын бөлімшенің дәлізіне қойылды.

Комплаенс офицер:



А.Уразимбетова